

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 347 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 16 маусымда N 7-3-99 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы N 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 24.02.2011 N 151 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 313 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Бөрлі аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (келісім бойынша) арқылы шақыруда кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы 1-қосымшаға сәйкес құрылып, бекітілсін. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке шақыру, оларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Бөрлі аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

1) шақыру комиссиясы емдеу мекемесіне жіберген шақыртушыларды стационарлық тексеруден өткізу.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Бөрлі аудандық емхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

1) шақыру кезінде медициналық комиссияның құрамын айқындап, соған арнап қажетті мөлшерде жоғары білікті, тәжірибелі дәрігер-мамандар, медбикелер бөлу және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктін медициналық жабдықтармен және аспаптармен қамтамасыз ету;

2) осы мақсатқа арнап аудандық ауруханадан орындар бөлуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. "Батыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақырылушыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. "Бөрлі ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, оларды әскери бөлімшелерге алдыру жөніндегі шараларды орындауға байланысты шығындарға, аудандық бюджеттен қаралған қаражатын бөлсін.

9. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақырудың барысы туралы қорытынды ақпаратты 2010 жылдың 10 шілдесіне және 2011 жылдың 10 қаңтарына тапсыру ұсынылсын.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 05 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімі

Б. Шакимов

КЕЛІСІЛДІ:

"Бөрлі аудандық орталық
аурухана" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының директоры
-----Алдангаров Алтай Аскарлович
26.04.2010 ж.

"Бөрлі аудандық емхана"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директоры
-----Жалиев Раниль Миньханович
26.04.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
Бөрлі ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, майор
-----Кенжеғалиев Нурбулат Утепович
26.04.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
ішкі істер Департаментінің
Бөрлі ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы,
полиция полковнигі
-----Наурызалиев Нурғали Мергенович
27.04.2010 ж.

Бөрлі ауданы әкімдігінің
"Бөрлі жаршысы-Бурлинские
вести газетасы" мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны
директорының міндетін
атқарушы
-----Менжанова Елена Жексенбаевна
27.04.2010 ж.

"Телестудия Карачаганак"
жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің директоры

----- Перегудов Олег Алексеевич

27.04.2010 ж.

1 - қ о с ы м ш а

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 1

м а м ы р д а ғ ы

№ 347 қаулысымен бекітілді

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Кенжеғалиев Нурболат Утепович – аудандық қорғаныс
істері жөніндегі
бөлім бастығы,
комиссиясының
төрағасы (келісім

бойынша)

Батырханова Балкумис
Жолдығалиевна

– аудандық ішкі саясат
бөлімі меңгерушісінің
міндетін атқарушы,
комиссия төрағасының

орынбасары

Комиссия мүшелері:

Ермуханов Дархан Максutowич

– аудандық ішкі істер
бөлімі бастығының
орынбасары (келісім

бойынша)

Утепов Нуржан Жаксығалиевич

– терапевт, медициналық
комиссияның төрағасы

(келісім бойынша)

Кульщицкая Елена Михайловна

– аудандық ауруханың
медбикесі, комиссия

хатшысы

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының (резервтік) құрамы

Д е р м а т о л о г
Р е н т г е н о л о г
Т і с д ә р і г е р і
О т о л а р и н г о л о г
Т е р а п е в т

Психиатр

Орта буын медицина қызметкерлері:
Хирург медбикесі
Көз дәрігерінің медбикесі
Рентгенолог дәрігердің медбикесі
Отоларинголог дәрігердің медбикесі
Терапевт дәрігердің медбикесі

медбикесі

2 - қ о с ы м ш а

А у д а н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 1

ә к і м д і г і н і ң

м а м ы р д а ғ ы

№ 347 қаулысымен бекітілді

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/с	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	Комиссияның жұмыс күндері					
		сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	жел-тоқсан
1	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	5, 6, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30	13, 20, 27	3, 10, 17, 24	1, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 19, 20, 21, 22, 26, 27, 28, 29	4, 11, 18, 25	2, 9, 23, 30